

"Ертіс өзені жайылмасы" кешендік мемлекеттік табиғи қорғалым аумағында шаруашылық жұмыстарын шектеу туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2009 жылғы 6 сәуірдегі N 91/6 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 сәуірде N 3135 тіркелген.

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңының 68-бабы 1-тармағына және 69-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы ауылшаруашылық министрі орман және аңшылық шаруашылық Комитетінің 2008 жылғы 13 тамыздағы N 223 бұйрығымен бекітілген, "Ертіс өзенінің жайылмасы" кешендік мемлекеттік табиғи қорғалымының паспортына сәйкес, облыс әкімділігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік табиғи қорықтық қорлар объектілерін сақтап қалуға қауіп төндіретін немесе қалпына келтіруді төмендететін болса, "Ертіс өзені жайылмасы" кешендік мемлекеттік табиғи қорғалым аумағында жер телімдері жекеменшік иелерінің және жер пайдаланушыларының мынадай шаруашылық жұмыстарының түрлеріне:

табиғи кешенді сақтап қалуға қауіп төндіретін шаруашылық жұмыстарға; өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіруге шектеулер қойылсын.

2. Ақсу, Павлодар қалаларының, Ақтоғай, Железин, Ертіс, Қашыр, Лебяжі, Май және Павлодар аудандарының әкімдері: жеке меншік иелері мен жер пайдаланушыларды қойылған шектеулермен таныстыру жөнінде тиісті шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т. Қ. Закарияновқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Б. Сағынтаев